

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрлік міндеттің атқарушының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 08-1-1-1/648 бұйрығына езгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлік міндеттің 2015 жылғы 27 тамыздағы № 11-1-2/359 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 30 қыркүйекте № 12126 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлік міндеттің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 11-1-2/362 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрлік міндеттің 08.08.2016 № 11-1-2/362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қантардағы № 327 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларының 27-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрлік міндеттің атқарушының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 08-1-1-1/648 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10104 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 ақпандағы № 28 (28506) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған қызметші мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш қабылданған тұлғаға тәлімгер ретінде бекітілмейді.";

жоғарыда көрсетілген әдістемеге қазақ тіліндегі 2-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Әкімшілік және бақылау департаменті:

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы А.Б. Қарашевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрі

Е.Ідырысов

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер Министрінің  
2015 жылғы 27 тамыздағы  
№ 11-1-2/359 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрлігінің  
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы  
бағалаудың әдістемесіне  
2-қосымша

нысан

Айналмалы бағалау парагы

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда):

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні	Баға (балл)
----------	-------	-------------------	-------------

Бағынышты адам

1	Жұмысты жоспарлай алу қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Жұмысқа ынталандыру қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
3	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін	
	Барлығы (барлық бағалардың бағасы)		

Әріптесі

1	Топта жұмыс істей алу қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін	
3	Лауазымдық міндеттерін орындау сапасы	2-ден 5-ке дейін	
	Барлығы (барлық бағалардың бағасы)		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК